

«6D060700 - Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Белкожаев Аяз Маратовичтің «Нуклеотидтік қайталаудары бар гендердің мРНҚ мен микроРНҚ-ның өзара әрекеттесуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Нуклеотидтік қайталаудардың бұзылыстар белгілі бір гендегі нуклеотидтік қайталаудың тізбектердің санының артуымен сипатталатын генетикалық бұзылыстар тобы. Нуклеотидтік қайталаудардың қалыптантыс санының артуы ген экспрессиясының дисфункциясына және аномальды акуыздардың өндірілуіне әкелуі мүмкін. Нуклеотидтік қайталаударында, әсіресе нейродегенеративті ауруларда микроРНҚ молекулаларын ықтимал биомаркерлер ретінде пайдалану мүмкіндігін көрсететін көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде. МикроРНҚ молекуласының дұрыс реттелмеген экспрессиясы организмде нуклеотидтік қайталаудардың себебінен туындастын, нейродегенеративті бұзылулардың бірнеше патологиялық процестеріне айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан да Белкожаев Аяздың «Нуклеотидтік қайталаудары бар гендердің мРНҚ мен микроРНҚ-ның өзара әрекеттесуі» атты диссертациялық зерттеу тақырыбы қазіргі таңда өзекті болып табылады. Жұмыстың алға қойылған мақсаты микроРНҚ, және кейбір пиРНҚ молекуласының нуклеотидтік қайталаудары бар гендердің мРНҚ-мен өзара байланысын, адамның клетка үлгісіндегі микроРНҚ-мен олардың нысанада гендерінің экспрессия деңгейлерін зерттеу болды. Зерттеу нысанадары ретінде адамның микроРНҚ және пиРНҚ молекулаларымен нуклеотидтік қайталаудары бар гендердің мРНҚ-ның нуклеотидтік қайталаударындағы молекулалардың SH-SY5Y клетка линиясы және HTT-Q23 және HTT-Q74 клетка линиялары колданылды.

Белкожаев Аяз әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінде докторантуралық бағдарламасын оқу барысында зерттеу тақырыбы бойынша теориялық дайындық алғып, зерттеу әдістерін игеріп, негізгі нәтижелерге қол жеткізген. Сондай-ақ, Белкожаев Аяз М.А.Айтхожин атындағы Молекулалық биология және биохимия институтында бірнеше ғылыми жобалармен жұмыс жасады. Зерттеу тақырыбының бір бөлігін Ұлыбритания елінің Кентербери Крайст-Черч университетінің өмір туралы ғылым саласы (Life Sciences Laboratory) зертханасында жүзеге асырды.

Белкожаев Аяз зерттеу тақырыбы бойынша молекулалық биологияның бірнеше заманауи әдістерін менгерген, олардың қатарында биоинформатикалық әдістер, клетканы өсіру, трансфекция, Вестерн блотты әдіс,

иммунофлуоресценттік талдау, HTG EdgeSeq miRNA толық транскриптомды талдау, HTG EdgeSeq Reveal статистикалық талдау құралы және сандық ПТР әдістері бар.

Зерттеу нәтижесі бойынша анықталған микроРНҚ және кейбір лиРНҚ молекулалары гендердің мРНҚ-ның нуклеотидті қайтальмды аймақтарымен ассоциациялары, микроРНҚ-мен олардың нысана гендерінің экспрессияларының профилдері нуклеотидтік қайтальмдардың себебінен туындайтын нейродегенеративті ауруларға байланысты зерттеулерді жүргізуге негізгі түсініктерді бере отырып, олардың алдын алу мен балама емдік жолдарын ұсынады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері Scopus және Web of Knowledge жүйелерінде көлтірілген халықаралық журналдарда 3 мақалада, ғылым және жоғары білімді сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізімінде 3 мақалада, халықаралық конференциялардың материалдарында 13 тезистерде жарияланды.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Белкожаев Аяз Маратович жауапкершілік, дербестік, ұжымда жұмыс істей білу сияқты қасиеттермен өзін көрсетті. Оку барысында білікті ғылыми қызметкер дәрежесіне жетті.

Белкожаев Аяз Маратовичтің «Нуклеотидтік қайтальмдары бар гендердің мРНҚ мен микроРНҚ-ның өзара әрекеттесуі» тақырыбында жасалған диссертациялық жұмысы докторлық диссертация талаптарына сай, толыққанды орындалды. Белкожаев Аяз Маратович «6D060700 - Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми жетекшісі,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
биотехнология кафедрасының
профессоры, биология ғылымдарының
кандидаты


Ниязова Р. Е.

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрларды
даярлау жөнінде тәсіттегі биотехнологияның басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенов

20 ж.т.